

Әуезов кафедрасындағы Әуезов дәстүрі

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде дәл бүгін бір жүз он бір кафедра бар десек, солардың ішінде қазақ әдебиеті кафедрасының орны өзгеше, бітімі бөлек. Оның себебі - бұл кафедра университеттің туған жылынан (1934) кейін көп кешікпей (1940) қаз тұрып, Қазақ республикасындағы жетпіс жоғары мектептің ту ұстаушы ең бір ірі де іргелі оқу орнымен бірге жасасып келе жатқандығында және осынау бірегей білім ордасының ұлттық болмысы мен бетін белгілеп отырғандығында ғана емес. Оның шешуші себебі - бұл кафедра өзінің жарты ғасыр ғұмырының ішінде күллі Қазақ еліндегі (ілім-білім-ғылым саласында атқарған қызметін өз алдына қойғанда) қоғамдық-эстетикалық ой-сананың санаулы орталықтарының біріне айналуында жатыр.

Мақаланың мақсаты - тек осы ақиқаттың астын сызып өту ғана.

Әдебиет - ардың ісі. Қазақ әдебиеті — қазақ атаулының ғасырлар бойғы тағдыры мен талайының, тұрмысы мен тіршілігінің көркем шежіресі ғана емес, халықтық қасиеті, ұлттық паспорты, адамдық һәм азаматтық келбеті - мүсіні мен мінезі, автопортреті. Мұның өзін оқып-ұғу қандай қиын болса, теориясы мен тарихын оқытып-түсіндіру одан да қиын екені айтпасақ та аян.

Жиырмамыншы жылдардың екінші жартысында Қазақ мемлекеттік университетін ашу мәселесі күн тәртібіне қойылып, онда бәрінен бұрын үш кафедра (филология, педология, математика) құру жоспарланады. Қазақстан халық ағарту комиссариатының төралқасы он ойланып, тоғыз толғана келгенде бұл үш кафедраны басқару тек қана үш оқымыстының - Ахмет Байтұрсыновтың, Халел Досмұхамедовтің, Әлімхан Ермековтің ғана қолынан келуі мүмкін деп ұйғарады. Ол кезде бұл үшеуі де Тәшкентте - «ұлтшыл алашордашылар» деген аты шулы айдар астында қуғындалып жүрген. Мыналар соны біле тұрып шақырады. Шақырмасқа тіпті амал болмайды. Өйткені бұл үшеуі де қазақ оқығандарының арасында өз мамандықтары бойынша сыңарлары жоқ дана да дара санаткерлер еді.

Х.Досмұхамедов пен Ә.Ермеков бұл ұсынысқа келіседі де, А.Байтұрсынов бұдан бас тартады; Қазақ университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасын басқаруға жүрексінетінін, мұндай орасан жауапты жұмысқа дайын емес екенін айтады.

Ойлап қарасақ, Ахаңның осы қылығының өзі өнеге; қазақ әдебиеті математика секілді бір орталықта жасалған жалпыға ортақ бағыт-бағдармен оқытылатын пән емес. Қазақ әдебиетінің бағдарламасы да, оқулығы да тек қана Қазақ әдебиеті кафедрасының өзінде жасалуы шарт. Оны оқыту әдістемесі де осында қалыптасуы қажет. Ал ол кезде қазақ әдебиетінің тарихын талдайтын М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы», теориясын толғайтын А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» секілді тұңғыш оқулықтар маркстік-лениндік идеологияға жат кітаптар ретінде баспадан шыға бере тұтқындалып, туралып кеткен.

Қазақ әдебиетін қалай және немен оқыту керек?

Асылы, заманымыздың заңғар жазушысы, ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов біздің ұлт интеллигенциясының көсемдерімен бірге «халық жауы» атанып, атылып кетпей шанышқыдан жырылып, қазақ мәдениеті мен ғылымының бағына ғана қайыптан-тайып аман қалған ғой... Байтұрсынов жүрексінген қиын жұмысқа Әуезов көзді жұмады да қойып кетеді. Қазақ университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы өзінің туған күнінен бастап Мұхтар Әуезовтің ұстаздық ордасына, керек десеңіз, тіпті, шығармашылық шеберханасына айналады. Күллі әлемге әйгілі классикалық көркем туындыларын университет аудиториясындағы лекцияларымен ұштастырып жүріп жазады. Сондықтан да ол «жай» жазушы емес, ғалым жазушы болды. Қаламгерлік қызметімен тұтастыра өмірінің соңғы күндеріне (27 маусым 1961) дейін кафедраның байырғы пәні - қазақ фольклорынан лекция оқыды. «Туысқан халықтар әдебиетінің» (ол кезде КСРО халықтарының әдебиеті) жалпы курсін және «Абайтанудың» арнаулы курсін ұлы ұстаз өз қолымен осы кафедрада жасап, филология факультетінде жүйелі түрде үздіксіз оқылатын тұрақты пәндерге айналдырып кетті.

Сөйтіп, Қазақ әдебиеті кафедрасында Мұхтар Әуезовтің ғажайып ғұламалық дәстүрі қалыптасты, дамыды, өзінен кейін өзі салған ғылыми жолмен өрбіп, өркен жайып отыр. Жоғары мектепте лекция оқудың, жоғары мектепте ғылыми зерттеу жүргізудің, жоғары мектепте шын мәніндегі асыл адам, абзал азамат, білікті маман тәрбиелеудің үлгісіне айналған Әуезов дәстүрінен сусындау үшін, өнеге үйрену үшін бұл кафедраға Мәскеу мен Санкт-Петербург, Киев пен Баку, Тәшкент пен Бишкек, Ашхабад пен Нукус университеттерінен ғылым докторлары келіп, тәжірибеден өтеді. Бұл - айта қалғандай ұлағатты құбылыс.

Қазақ әдебиеті кафедрасын қырықыншы жылдарда Бейсенбай Кенжебаев, елуінші жылдарда Мәстура Сармурзина, алпысыншы жылдарда қайтадан Бейсекең басқарған; жетпісінші жылдардың орта тұсынан күні бүгінге дейін Зейнолла Қабдолов басқарып келеді.

Өткен елу жылдан аса уақыт ішінде кафедрада күллі елге белгілі әдебиетші-ғалымдар М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, М.Қаратаев т. б. профессорлар лекция оқыған болса, бүгінде Х.Сүйіншәлиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, Р.Нұрғалиев, М.Сармурзина, Ж.Дәдебаев, З.Бисенғалиев, Б.Майтанов, А.Жақсылықов, Д.Ысқақов т. б. профессорлар мен доценттер ұстаздық етіп жүр.

Кафедра оқу-ағарту һәм ғылыми-зерттеу салаларында айта қалғандай өсіп-өрбуіне байланысты бүгінде бір емес, екі кафедраға айналды: Қазақ әдебиеті (меңгерушісі З. Қабдолов) және Қазақ әдебиетінің тарихы (меңгерушісі Т.Кәкішев).

Жас ұрпаққа білім берудің Әуезов дәстүрлерін одан әрі дамытудағы қызметін өз алдына қойғанда, кафедраның қазіргі қазақ әдебиеті мен әдебиет тарихы саласында өзі ашып-тұрақтандырған үш түрлі ғылыми мектебін айрықша атап айтқан жөн.

Олардың бірі - қазақ әдебиеті тарихының көне және орта ғасырдағы тарихы (негізін қалаған профессор Б.Кенжебаев). Бұл мектеп бойынша басы профессор Х.Сүйіншәлиев болып, Қ.Сыдықов, М.Мағауин, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева секілді ғалымдар алпысыншы жылдарға дейін Бұқар жыраудан ғана басталып келген қазақ әдебиетінің тарихын мың жылға әрі жылжытып, VIII ғасырдан бастау алғызды. Бүгінде туған әдебиет тарихының бұл кезеңдері Қазақ республикасының барлық жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде әрі жалпы, әрі арнаулы курстар түрінде оқу жоспарына енгізіліп, соңғы ширек ғасыр бойы оқытылып келеді. Бұл пәннен бір алуан бағдарламалар, оқулықтар, хрестоматиялар, оқу құралдары жазылып, ұстаздар мен шәкірттер пайдаланып жүр. Бұл істе Б.Кенжебаевтың шәкірті профессор Н. Келімбетовтің еңбегін атап көрсету қажет.

Екінші мектеп (жетекшісі З.Қабдолов) бойынша әдебиет теориясының түбегейлі мәселелері кең зерттеліп, терең талданып, жоғары мектепке арналған оқулық жазылды және онымен ширек ғасыр бойы ұстаздар мен шәкірттер ғана емес, ғалымдар мен жазушылар, жалпы әдебиет сүйгіш қалың жұрт сусындап келеді. Қазақ әдебиеттануының бұл саласы сонау Ахмет Байтұрсынов еңбегінен («Әдебиет танытқыш») бастап, Қажым Жұмалиев («Әдебиет теориясы»), Есмағамбет Ысмайылов («Әдебиет теориясының мәселелері») еңбектеріне жалғасатын. Соңғы кітапта («Сөз өнері») осылардың тәжірибесі пайдаланыла тұра, әдебиет теориясы бұрынғыдай тек терминдер маңында ғана қисын-қағида қалыптастырумен тынбайды, әдебиеттің ең бір өзекті, теориялық мәселелері жазушының шеберлігі және әдеби шығармашылықтың психологиясымен тығыз байланыста байыпталып, түбегейлі тексеріледі және талданады. Бүгінде бұл мектептен Р.Нұрғалиев, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Б.Кәрбозов, т.б. секілді суреткер-ғалымдар тәрбиеленіп, өнеге алып шығып, әдебиет теориясын жаңа қоғамдық жағдайдағы жаңаша ойлау талабына сәйкес дамытып, зерттеп, оқытып жүр.

Үшінші сала - әдеби сын. Бұл проблеманы басында профессор Т. Кәкішев бір өзі жеке-дара алып зерттеп, талай архивтердің қоңыржай қоймаларын ақтарып-төңкеріп, одан тапқан құжаттар мен жазбаларды жан-жақты пайдалана келе, қазақ әдеби сынының оқулығын («Сын сапары») жазып шықты. Бұл - құнды кітап. Сондықтан да бүгінде туған әдебиетіміздің тірі процесін толғап-талдайтын сыншылар мен зерттеушілердің қай-қайсысы да бұл кітапты айналып өтпейді, әдеби сын тарихының алғашқы соқпағына соқпай кетпейді.

Қазақ әдебиеті кафедрасында туып-қалыптасқан әдебиеттанудың үш (тарих, теория, сын) саласындағы үш түрлі ғылыми мектептің сыр-сипаты осындай

Әрине, жоғары оқу орнындағы кафедра болған соң оның ең басты міндеті - ғылыми зерттеумен қатар оқу-үйрету процесін ұйымдастыру. Бұл ретте кафедрадағы басты тұлға оқымысты оқытушы, яки ғалым ұстаз. Ал ұстаздың қабілеті мен қасиеті көрінетін жері - мінбе, мінбеден оқылар лекция.

Ұстаздық - ұлы нәрсе! Ұстаздық ету - өз уақытыңды аямау, өзгенің бакытын аялау. Бұдан асқан қиямет-қайым қиындық, азап пен бейнет жоқ. Осы қиындықты жеңген, осындай азап пен бейнетке көнген адам ғана ұстаз.

Әуезовтің кемеңгерлігі - жазушылығымен, ғалымдығымен бұрымдай өріліп кеткен ұстаздығы.

Университет студенттері бір жолы бізге:

- Профессор Әуезов өте шешен лектор болған деседі, осы туралы не айтар едіңіз? - деп сұрақ қойды.

Біз оларға былай деп жауап бергенбіз (ендігі екі қайырым «Ғұламада» да бар; қалам ізін қадірлеу үшін кейде оның өңін өзгертіп қайта жазғаннан гөрі қаз-қалпында қайталаған артық).

- «Абай» романының «Тайғакта» деген тарауы естеріңізде бар ма? Абай кітап оқып отырады: «Парсы, түркі кітаптары оны біресе Шираздың гүлзарына әкетеді. Самарқанның мазар, ғимараттарына қадалтады. Мерв, Мешхедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын самал хауыздарына әкетеді. Нелер ықылым замандар бойы асфәһани қайқы қылыштары тынымсыз тайталаспен қарш ұрысып өткен араб, парсы, түрік, моңғол тарихынан да көп-көп көңіл тартады. Осылардан бірауық орысша кітапқа түскенде Орта Азия, Иран, Араб жер-суы, шөл-құмы, қала-сауда тірлігін айқын тани түскендей болады».

Профессор Әуезовтің лекциясын тыңдаған шәкірт әрқашан дәл осы халде - шежіре сырына үңілген Абайдың халінде - отырады...

Қанатты кісі еді ғой, шабытсыз сөйлемейтін. Көл-көсір білім, ақыл, ой шәкірттерін әлдебір абзал арман, асыл мұрат аясында әлдилеп, әлдеқайда алысқа, биікке көтеріп әкететін. Әр шәкірт сөз өнерінің қиян-қилы құпияларын танып, шетсіз-шексіз сыр мен сезімге маңып, аспандай кең әсемдік әлеміне самғап, парлап кете баратын. Несін айтасыз, Мұханның шешендігі ғажап: мінбеде, не кафедрада күркіреген өзенше тасып, яки толассыз сіркіреген ақ жаңбырша төгіліп тұрушы еді. Және бір кереметі - Мұханды енжар тыңдау мүлде мүмкін емес. Өйткені, ол жазғанда ғана емес, ауызекі сөйлеген сөзде де ғаламат суреткер болатын.

Біздің кафедрада қалыптасқан Әуезов дәстүрлерінің негізінде ұлы ұстаздың осындай қайталанбас қасиеттері жатыр. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп Абай айтқандай, Әуезов кафедрасының оқытушылары аудиторияға әншейін екі сағат дәріс өткізу үшін емес, сол екі сағатта қандай сабақ және сол сабақты, яки лекцияны қалай, қайткенде Әуезов дәстүрінде Әуезовше өткізуге бар күш-қабілетін жұмсайды.

Дәстүр жалғастығы деген де осы арада жатыр.

Жалпы теориялық курстар, арнаулы курстар мен семинарлар, бәрін қосқанда кафедрада ондаған пән бар десек, солардың бәрінің бағдарламалары мен оқулықтары тек қана кафедра мүшелерінің қолдарымен жасалып, тұрақтандырылып отыр.

Бұл да дәстүрлі әрекеттердің жемістері.

Кафедра жыл санап жаңғырып қана қоймай, жанарып, керек десеңіз тіпті жасарып отыруға тиіс. Бұл да мезгіл мінезінен туатын заңды талап. Ал

енді бар ма, біздің кафедра профессорлары мен оқытушы-ларының орта жасы дәл бүгін - 43.

Бұл да игі дәстүрге айналуға тиіс құбылыс.

Кафедра жасарса, жастар өсуге, өркендеуге тиіс. Бұл ретте университет, факультет, оның ішінде біздің кафедра жанындағы мамандандырылған арнаулы докторлық Кеңес орасан үлкен роль атқарып отыр. Соңғы он жыл бойына өзімізге зәру ғылым кандидаттары мен докторларын өзіміз дайындап алып жатырмыз.

Бұл да дәстүрлі шындық.

Кафедрадағы эстетикалық талғам мен талаптың, ой мен сананың, білім мен мәдениеттің белгілі уақыт пен кеңістікке лайық деңгейі (кеңдігі, биіктігі, тереңдігі) бо-луы шарт. Бұл ретте де Қазақ университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы әрқашан өз дәрежесінде болды және болып отыр. Бұған дәлел ретінде әр тұста өткізілген конференциялар мен симпозиумдарды өз ал-дына қойғанда, сексенінші жылдарда кіндіктегі жоғары білім министрлігі өзінің ғылыми-техникалық кеңесінің, оның ішінде әдебиеттану секциясының төралқа мәжілістерін әлденеше рет біздің кафедрада өткізгенін, бір жолы осы кафедраға Мәскеуде шығатын одақтық «Филологические науки» журналының редакция алқасы мен Алматы әдебиетшілері түгел жиналып бас қосып, талай жылғы журнал тікпелерінің жан-жақты талқыланып, сыннан өткізілгенін айтсақ та жеткілікті.

Ғылым мен білім саласындағы төл мамандықтарды айтпағанның өзінде қазіргі ақын-жазушылар мен журналистердің басым көпшілігі Қазақ университетінің түлектері десек, соларды тәрбиелеп-өсіруді де Қазақ әдебиеті кафедрасының, оның жанында қырық жылдан астам өмір сүріп келе жатқан М.О. Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің үлесі мол.

Әуезов-ұстаз ұлылығының ұлағатты ұясы атанған біздің Қазақ әдебиеті кафедрасындағы Әуезов дәстүрі хақында айтар аз сөзіміздің тұжырым-түйіндері осы еді.